# Ақындардың сұлтаны Сұлтанмахмұт Торайғыров

## *Өмірбаяны*

***Абайдан кейінгі қазақтың жазба әдебиетінде әр жанрда еңбек етіп, ерекше көзге түскен көрнекті ақындарының бірі Сұлтанмахмұт Торайғыров болды. Ол 1893 жылдың 28 қазанында Көкшетау облысының Қызылту ауданында туған. Оның әкесі Шоқпыт (шын аты Әбубәкір) атанған кедей, момын шаруа адамы болған. Шоқпыттың екі баласы болған: Байқоңыр, Сұлтанмахмұт. Сұлтанмахмұттың екі жасында шешесі өліп, жетімдікті көріп өседі. Әкесі әйелі өлген соң балаларын алып, өзінің туған жері Павлодар облысының Баянауыл ауданына көшеді. Ақынның балалық шағы Баянауылда өтеді. Алғашқыда ол Әлі, Тортай, Мұқан деген ауыл молдаларында оқиды. 1908 жылы Сұлтанмахмұт Баянауылдағы Әбдірахман деген молданың медресесіне түсіп, одан 2-3 жыл сабақ алады. Молданың ұрып – соғуына шыдай алмай, ол оқуды тастап кетеді. Молданың қаталдығын, надандығын сықақ етіп өлең шығарады.***


Бір ел - бір кітап
2017
Одна страна - одна книга
Сұлтанмахмұт
Торайғыров

С(Каз) 2

Т 55




*Торайғыров С. Адасқан өмір; Кедей; Жарқынбай; Кім жазықты; Қамар сұлу / С. Торайғыров, С. Көбеев. - Алматы : Рауан, 1992. - 238 б.*

*Бұл жинаққа Сұлтанмахмұт Торайғыровтың "Адасқан өмір", "Кедей", "Жарқынбай", "Кім жазықты", "Қамар сұлу" атты жинақтары және Спандияр Көбеевтің "Қалың мал" атты шығармалары енгізілген.*

*Барлығы: 10 дана (көркем әдебиеттер абонементі)*


Қараңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып, күн болам!
Қараңғылықтың көгіне,
Күн болмағанда, кім болам?
С. Торайғыров




*84 Қаз7*

*Т 59*

***Торайғыров С. Үш томдық шығармалар жинағы.- 3 том. – Алматы: Алаш баспасы, 2005. – 232 б.***

***С. Торайғыровтың үш томдық толық жинағының үшінші томына "Кім жазықты?" романы, әңгіме, очерк, мақалалары мен хаттары, естеліктер және Сұлтанмахмұт еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші, өмірі мен еңбектері енгізілген.***

***Барлығы: 1 дана (көркем әдебиеттер абонементі)***



Сұлтанмахмұт аз жасап, аз қызық көрді. Өз бойындағы барды сарқып беруге үлгергенмен үлкен өмірдің қызығы мен қуанышына ортақтасуға үлгере алмады. Бірақ, оның асыл бейнесі халық махаббатының бесігіне бөленді. Ол - туған жұртымыздың сүйінерге жарайтын сүйер ұлы.

Әбіш КЕКІЛБАЕВ




*87.3 (5 Каз)*

*С 28*

***Сегизбаев О. А. Казахская философия XV начала XX века. – Алматы: Ғылым, 1996. – 472 с.***

***Предлагаемая книга представляет собой систематизированный и обобщенный анализ казахской философии XV - начала XX века в процессе ее исторического развития. В ней автор стремится показать историю казахской философии как закономерного результата перехода общественной мысли казахов от предфилософии народного сознания, выраженного в фольклоре, к становящейся философии в творчестве акынов и жырау Казахстана XV – первой половины XIX в, а также роль С. Торайгырова в развитии казахской философии начала XX века.***

***Всего: 7 экз (чз)***

***Шығамын, тірі болсам, адам болып***



С.Торайғыровтың «Айқап» журналының редакциясында қызмет еткен кезі. Троицк. 1913 ж.

***Шығамын, тірі болсам, адам болып,***
***Жүрмеймін бұл жиһанда жаман болып,***
***Жатқаным көрде тыныш жақсы емес пе,***
***Жүргенше өмір сүріп надан болып?***

***Мен балаң жарық күннен сәуле қуған,***
***Алуға күнді барып белді буған.***
***Жұлдыз болып көрмеймін елдің бетін.***
***Болмасам толған айдай балқып туған.***

***Бұл сөзім асып айтқан асылық емес,***
***Ойында оты барлар асылық демес.***
***Тебем деп, тірі болсам надандықты,***
***Серт етіп, өз-өзіме еткем егес.***

***Сұлтанмахмұт Торайғыров***




*87. 3я73*

*С 28*

***Сегизбаев О. А. История казахской философии: От первых архаичных представлений древних до философии развитых форм первой половины XX столетия. – Алматы: Ғылым, 2001. – 456 с.***

***Автор стремится раскрыть логику и закономерности развития философского процесса в Казахстане, уделяя основное внимание выявлению специфических черт, национальных особенностей и традиционных идей собственно казахской истории философии, о Султанмахмут Торайгырове и роли его в развитии Казахской философии.***

***Всего: 4 экз (чз), 1 экз (кх)***


Қазақ поэзиясының шеберлері
Сұлтанмахмұт
ТОРАЙҒЫРОВ
Қамар сұлу

84(5Қаз)5

Т 60




*Торайғыров С. Қамар сұлу: Романдар, поэмалар, өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2002. – 240 б.*

*Қазақтың аса көрнекті ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыровтың бұл жинағына әр кезеңдегі баспа бетінде жарияланған шығармалары енгізіліп отыр. Сөз басы саналатын “Ақын тағдыры” зерттемесін академик Серік Қирабаев жазған.*

*Найзағайдай жарқ етіп өте шыққан ақынның философиялық терең ойдан құрылған туындылары сөз қадірін сезінер қалың қауым жүрегінен орын табары хақ.*

*Барлығы: 12 дана (көркем әдебиеттер абонементі)*




*84(5 Қаз)*

*Т 59*

***Торайғыров С. Қамар сұлу; Көбеев С. Қалың мал; Мұқанов С. Адасқандар. - Алматы, Жазушы, 2009. – 416 б.***

***“Қамар сұлу”, “Қалың мал” және “Адасқандар” – ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиетінде роман жанрының қалыптасуы мен дамуында аса елеулі орын алатын шығармалар. Үш қаламгердің үш туындысын да бір идеяға туыстыратын қасиет – бұлардың бәрі сол кездегі қазақ қоғамында өткір проблемаға айналған әйел бостандығын жырлайды.***

***Барлығы: 1 дана (көркем әдебиеттер абонементі)***


We the People

*84 (5 Қаз)5*

*Т 59*




***Торайғыров С. Сарыарқаның жаңбыры: Өлеңдер мен дастандар / Құраст. Е. Дүйсенбайұлы. – Алматы: Раритет, 2007. – 208 б.***

***Ақынның жинағы жас ұрпақты елге пайдалы есті азамат болуға үндейтін үлгі-өнегесі мол өлең-дастандарынан құрастырылды. Кітапты шығармалардың басты идеясын ақынның туған еліне арнаған өз шумағын айтсақ; "Үміт қып менен қарайсың, көңіліңе медеу санайсың. Балалыққа жарасам, аталыққа жарайсың!".***

***Барлығы: 1 дана (көркем әдебиеттер абонементі)***

Ол көп жабының бірі емес,
от болып жанып кеткен,
құйрықты жұлдыздай ағып түскен
тұлпар талант еді.
Сондықтан Сұлтанмахмұт
есімі қазақтың жыр-дариясын
құрайтын үлкен, асау, арналы
өзенінің бірі болып қалмақ.
Ол халық жүрегінен құрметті орын алады.

С.Қирабаев

87.7я7
У 73




*Урунбасарова Э. А. Этика преподавателя. – Алматы: Бастау, 2003. – 160 с.*

***В учебном пособии отражены нравственно-этические взгляды казахских просветителей, в частности С. Торайгырова о нравственном воспитании молодежи.***

*Всего: 30 экз, 20 (ау), 7 (чз), 3 (кх)*

**Біздің Виртуалды көрмемізді тамашалағаныңызға рахмет, келесі кездескенше!**

**Мы рады что вы посетили нашу Виртуальную выставку, до новых встреч!**